

Инвестициялар мемлекеттік қолдауының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 27 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2222. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 184 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012.06.01 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Инвестициялар туралы" Заңының 19-шы бабын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) инвестициялық преференцияларды беруіне өтінім нысаны (N 1 Қосымша);
- 2) Тіркелген активтерге инвестициялар сомасы 60 мың айлық есептік көрсеткіштен асатын инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын дайындау жөніндегі нұсқаулық (2-қосымша);
- 3) Тіркелген активтерге инвестициялар сомасы 60 мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын дайындау жөніндегі нұсқаулық (3-қосымша).

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар комитеті Төрағасының 2006 жылғы 3 қарашадағы N 83-п бұйрығымен

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- 1) "Инвестициялық жобаға қойылатын талаптар" нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылғы 28 наурыз N 3 (1997 жылғы 15 қазан, N 396);
- 2) "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асырушы инвесторлармен келісім-шарт жасау кезінде жеңілдіктер мен пұрсаттылық беру рәсімдерін жетілдіру туралы" Инвестициялар жөніндегі Қазақстан Республикасы агенттігі төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 бұйрығы (2000 жылғы 27 сәуір, N 1120);
- 3) "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 бұйрығына қосымша енгізу туралы"

" Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 22 мамырдағы N 01/31 бұйрығы (2000 жылғы 25 мамыр, N 1144);

4) "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет көрсететін инвесторлармен келісім-шарт жасасқанда берілетін жеңілдіктер мен преференцияларды беру процесін жетілдіру туралы" бұйрығына өзгерту мен толықтыру енгізу туралы" Инвестициялар жөніндегі Қазақстан Республикасы агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 23 тамыздағы N 0-1/117 бұйрығы (2000 жылғы 13 қыркүйек, N 1242);

5) "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 бұйрығына өзгертулер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің Төрағасының 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 25-П бұйрығы (2001 жылғы 7 сәуірі, N 1452);

6) "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 бұйрығына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің 2001 жылғы 18 шілдедегі N 69-П бұйрығы (2001 жылғы 7 тамыз, N 1 6 1 6) ;

7) "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 бұйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің Төрағасының 2001 жылғы 12 қыркүйектегі N 104-П бұйрығы (2001 жылғы 19 қыркүйек, N1644);

8) "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет көрсететін инвесторлармен келісім-шарт жасасқанда берілетін жеңілдіктер мен преференцияларды беру процесін жетілдіру туралы" бұйрығына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің Төрағасының 2001 жылғы 18 қараша N 127/1-П бұйрығы (2001 жылғы 14 желтоқсан, N 1701);

9) "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет көрсететін инвесторлармен келісім-шарт жасасқанда берілетін жеңілдіктер мен преференцияларды беру процесін жетілдіру туралы" бұйрығына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы индустрия мен сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің Төрағасының 2002 жылғы 9 желтоқсандағы N 240-П бұйрығы (2002 жылғы 19 желтоқсан, N 2091).

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда министрлігі
Инвестиция комитеті төрағасының
2003 жылғы 18 наурыздағы
N 18-п бұйрығымен

бекітілген 1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар комитеті төрағасының 2006 жылғы 20 шілдедегі N 54-п бұйрығымен .

Инвестициялық преференцияларды алуға арналған өтінім

1. Инвестор туралы мәліметтер	
1	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының атауы
2	Заңды тұлғаны алғашқы мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі
3	Заңды тұлға қайта тіркеуден өтті ме, айда (күні) және қандай негіздермен
4	Пошталық мекен-жайы (заңды мекен-жайы, нақты орналасқан жері) Банктік реквизиттері
5	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының бірінші басшысы <hr/> <p>(А т ы - ж ө н і)</p> <hr/> <p>(телефон, факс және электрондық поштасы)</p>
6	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының бас бухгалтері <hr/> <p>(А т ы - ж ө н і)</p> <hr/> <p>(телефон, факс және электрондық поштасы)</p>
7	Инвестициялық жоба менеджері <hr/> <p>(А т ы - ж ө н і)</p> <hr/> <p>(телефон, факс және электрондық поштасы)</p>
2 . Инвестициялық жоба туралы мәліметтер	
1	Инвестициялық жобаның атауы

2	Жобаны іске асыру орны	
3	Инвестициялау үшін таңдалған қызметтің басым түрі (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы топтастырғыш бойынша 4 белгісі бар код көрсетілсін)	
4	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының тіркелген активтерге инвестициялардың көлемі	
5	Жобаны қаржыландыру көздері (меншік және/немесе заемдық қаражаттар)	
3 . Инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін қажетті инвестициялық преференциялар		
1	корпоративтік табыс салығы бойынша босату/шегеру*	_____ (мерзімі)
2	мүлікке салық бойынша босату	_____ (мерзімі)
3	Инвестициялық жобаны іске асыру үшін қолданылатын жер участкесіне қатысты жер салығы бойынша босату	_____ (мерзімі)
4	кедендік баж төлеуден босату	_____ (жеңілдік сома, теңгеде)
5	мемлекеттік заттай грант	_____ (не түрінде)

* керек еместі сызып тастау

4. Өтінім сараптамасын ұйымдастыру мен өткізу, сондай-ақ келісім-шартты дайындаған кезде инвестор Қазақстан Республикасы индустрия мен сауда министрлігінің Инвестиция комитетіне жан-жақты қолдау және жәрдем көрсетеді, сондай-ақ барлық қажетті ақпаратты ұсынады. Өтінім беруші инвестор өтінім және өтінім мен қоса берілген құжаттарда көрсетілген ақпараттың дәлдігіне кепілдік береді.

5. Өтінімге қосымшалар:

1) Инвестициялық жоба бойынша жұмыс бағдарламасының жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысымен бекітілген Модельдік келісім-шартқа 1 Қосымшаға сай);

2) кеден баждарын салудан босатылатын импортталатын жабдық пен оның жиынтықтауыштарының тізімі және көлемі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысымен бекітілген Модельдік келісім-шартқа 2 Қосымшаға сай).

6. Қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесі:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариаттық куәландырылған көшірмесі;

2) заңды тұлғаның статистикалық карточкасының нотариаттық куәландырылған көшірмесі;

3) заңды тұлға жарғысының нотариаттық куәландырылған көшірмесі;

4) инвестициялық жобаның уәкілетті орган белгілейтін талаптарға сәйкес жасалған бизнес-жоспары;

5) жобаны іске асыру кезінде пайдаланылатын құрылыс-монтаж жұмыстарының сметалық құнын және тіркелген активтерді сатып алуға арналған шығындарды негіздейтін құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелері;

6) инвестициялық жобаны қаржыландырудың көздері мен кепілдіктерін белгілейтін, құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелері (инвестициялық жобаны өз қаражаты есебінен қаржыландырған жағдайда олардың бар екендігі туралы жазбаша растама қағазы қоса беріледі);

7) өтінім берген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы сұрау салған мемлекеттік заттай гранттың мөлшерін (құнын) және оны беру алдын ала келісілгенін растайтын құжаттар;

8) өтінім берілген тоқсанның алғашқы күніне арналған бухгалтерлік баланс;

9) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы тіркеу орны бойынша салық органының анықтамалары.

(Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының бірінші аты-жөні)

(қолы, мөрі және күні) басшысының

Қазақстан Республикасының

Индустрия және сауда министрлігі

Инвестициялар жөніндегі комитеті

т ө р а ғ а с ы н ы ң

2003 жылғы 18 наурыздағы

№ 18 - п б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген 2-қосымша

Тіркелген активтерге инвестициялар сомасы 60 мың айлық есептік көрсеткіштен асатын инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын дайындау жөніндегі нұсқаулық

Ескерту: 2-қосымшаның атауы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар комитеті Төрағасының 2006 жылғы 3 қарашадағы N 83-п бұйрығымен .

1. Инвестордың қысқа сипаттамасы

1. Заңды тұлғаның атауы .
2. Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық нысаны, мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) тұрған күні .
3. Заңды тұлғаның басшысы .
4. Заңды тұлғаның мекен-жайы, телефоны, факсы, электрондық почтасы.
5. Заңды тұлғаның негізгі бағыттарының қысқа сипаттамасы, негізгі өндірістік көрсеткіштері, көрсетілген салада инвестициялық Келісім-шарт жасасу бойынша жоспарланатын жұмыс тәжірибесі. Соңғы есеп беру мерзімі үшін қаржы-шаруашылық қызмет туралы қысқа есеп беру.

2. Жобаның қысқа сипаттамасы

6. Жобаның атауы .
7. Жобаның негізгі мақсаттары.
8. Жобаның тікелей қатысушылары.
9. Жобаны іске асыру орыны (облыс, аудан)
10. Қысқа мазмұны :
 - 1) шығаруға ұсынылатын өнім, болуы мүмкін модификациялар, мәні мен қолдану саласын көрсете отырып тауарлар және қызмет көрсетулердің қысқа с и п а т т а м а с ы ;
 - 2) болжанатын жобаның сипаты: жаңадан құру, жаңғырту немесе қолданыстағы кәсіпорынды кеңейту;
 - 3) жоба бойынша техникалық құжаттаманың болуы (техника-экономикалық негіздеме, жобалау-смета құжаттамасы, құрылыс-монтаж жұмыстары және құрал-жабдықты жеткізуге келісімдер мен келісім-шарттардың көшірмелері; жер теліміне құқықтарды растайтын құжаттардың көшірмелері; ғимараттар, құрылыстарды жалдауға келісімдердің көшірмелері мен басқа да құжаттар);
 - 4) жоба бойынша іске асыру және шектеудің ерекше шарттары: лицензиялардың (егер қызмет түрі лицензиялауға жататын болса), патенттердің, рұқсаттардың, болуы; экспорттық және импорттық квоталардың болуы, өткізу рыногы және шикізат, су-, энергиямен қамтамасыз ету, көлік, байланыс, қалдықтарды кәдеге жарату бойынша шектеулер мен ұсыныстар, шетелдік жұмыс күшіне қажеттіліктер, технологиялық процестердің экологиялық т а з а л ы ғ ы н а т а л а п т а р .

Тіркелген активтерге инвестициялар (АҚШ долл.)

1 .	С М Р
2 .	Қ ұ р а л - ж а б д ы қ
3	

Материалдық емес активтерге инвестициялар (АҚШ долл.)

Ж о б а л ы қ	қ у а т т а р д ы
и г е р у	
Қ ұ р ы л а т ы н	ж ә н е / н е м е с е
с а қ т а л а т ы н	ж ұ м ы с
о р ы н д а р д ы ң	с а н ы

4. Коммерциялық бөлім

15. Шикізат пен құрал-жабдықтың жеткізілімдері:

- 1) шикізат рыногын талдау (ұлттық және импорттық): пайдаланатын шикізат түрлерінің тізбесі; көліктік шығыстарды есепке алғандағы бағаның арзандығы және деңгейі;
- 2) құрал-жабдықты өндірушілердің/жеткізушілердің таңдауы: қажетті құрал-жабдықтардың тізбесі және оларға негізгі техникалық талаптар ;

құрал-жабдық жаңалығы мен әлемдік және жергілікті рыноктағы т е х н о л о г и я л а р ;

көліктік шығыстар, монтаж және қосушы-реттеуші жұмыстарды есепке алатын құрал-жабдықтардың құны; жөндеу базасының болуы (қажет болған жағдайда); қосалқы бөлшектер немесе шығыс материалдармен қамтамасыз ету көздері.

16. М а р к е т и н г :

- 1) шығарылатын тауарлар немесе қызмет көрсетулердің түрлері мен к ө л е м і н і ң т і з б е с і :

Тауарлардың (қызмет көрсетулер)		Өндірістің құндық көріністегі		Өндірістің заттай көріністегі		Өнімнің белгілері қолда		Ескерту		Жаңа	
---------------------------------	--	-------------------------------	--	-------------------------------	--	-------------------------	--	---------	--	------	--

атауы	көлемі,	көлемі	бар
	А Қ Ш мың		
	долл.		

1 .

2 .

2) қолданыстағы шектеулерді (квоталар, лицензиялар және т.б.) - (нарық сиымдылығын) есепке алғандағы өткізу нарығын болжау: ішкі және сыртқы нарықтағы әлеуетті төлем қабілеті бар сұраным, қазіргі уақыттағы оны қанағаттандыру деңгейі:

өткізім арналары: қандай өңірлерге, қандай тұтынушыларға, шетелдегі қай елдерге жеткізілім болжанатыны көрсетілсін;

рынокта ұқсас, өзара алмасатын, өзара толықтырылатын тауарлар, қызмет көрсетулердің орын алуы, болашақтағы олардың өндірісін бағалау, соңғы бірнеше жыл ішінде тауарлардың экспорты және/немесе импортының динамикасы, көлемі мен бағалары, негізгі бәсекелестер және олардың рыноктағы үлес салмағы;

әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзгеру мүмкіндіктері нәтижелерінде рынокты болжау;

3) өткізу мүмкіндігін дәлелдейтін құжаттар: тауарлардың жеткізіліміне келісім-шарттардың немесе ниеттер туралы хаттамалардың нотариалды дәлелденген көшірмелері;

4) тауарларға немесе қызмет көрсетулерге бағалар деңгейін болжамды бағалау;

5) коммерциялық тәуекел факторлары мен негізгі маркетингтік іс-шаралар. Жобаны қаржыландырудың ауыспалы қаражат бағамы мен қолданыстағы салық базасының өзгеруіне әсер етуді бағалау.

5. Ұйымдастыру бөлімі

17. Тартылатын ұйымдар:

- 1) жобаны құрушы;
- 2) құрал-жабдықты өндірушілер;
- 3) құрал-жабдықты жеткізушілер;
- 4) қаржыланатын ұйым;
- 5) делдалдар.

18. Жобаны іске асыру процесінде қатысушылар арасында міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу.

19. Ұйымдастыру құрылымы және тауарлардың/қызмет көрсетулердің менеджменті мен сапасын бақылау жүйесі.

6. Әлеуметтік бөлім

20. Жобаның еңбек ресурстарындағы қажеттілігі (қажетті саны мен біліктілігі) :

- 1) қажетті біліктілігі бар кадрлардың болуы;
 - 2) импортты қоса алғанда білікті мамандар көмегін тарту қажеттілігі.
21. Жобаның халықты жұмыспен қамтамасыз ету және білім деңгейіне әсері.

7. Қаржы бөлімі

22. Инвестицияларды бағалау:

1) толық инвестициялық шығындар (негізгі және айналым капиталға инвестициялар) ;

2) жобаны қаржыландыру мен инвестициялардың құрылымы (инвестициялардың жалпы көлемін бағалау: жобаны іске асыру үшін қаржының жеткіліктігі, инвестициялардың құрылымы, қаржыландырудың схемасы мен шарттары, түсімнің болжамды қолдануы).

23. Тәуекелдерді бағалау:

- 1) тәуекелдердің түрлері;
- 2) тәуекелдің деңгейі (дисконт ставкасы).

24. Қаржылық талдау:

1) жобаның қаржылық үлгісі: инвестициялық преференцияларды есептемей және тиісті инвестициялық преференцияларды есепке ала отырып үлгілерді е с е п т е у ;

- 2) жобаның өмірлік кезеңі ішіндегі таза дисконттық табысы (NPV);
- 3) жобаның өмірлік кезеңі ішіндегі табыстылықтың ішкі нормасы (IRR);
- 4) жоба өмірінің әр жылына табыстың қарапайым нормасы (рентабельдігі);
- 5) төленетін салықтар, бюджетке түрлер бойынша кеденнің баждары мен төлемдері ;

6) төленетін салықтардың барлық түрлері бойынша бюджеттік тиімділіктің жиынтық есебі анықталсын.

8. Экологиялық бөлім

25. Жоба технологиясының қоршаған ортаға әсері бойынша стандарттар мен нормативтерге сәйкестігі.

9. Экономикалық бөлім

26. Жобаның мемлекет экономикасының қажеттіліктеріне (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына, даму бағдарламаларына, басқа құжаттарға) сәйкестігі:

- 1) халық тұтынатын азық-түлік тауарлары және азық-түлік емес тауарларын шығаруды ұлғайту;
- 2) импорт алмастыру (импорт алмастырудың қабылданған бағдарламаларына сәйкестігі);
- 3) экспортты ұлғайту;
- 4) жаңа жұмыс орындарын ашу;
- 5) халықтың білімі мен біліктілік деңгейін көтеру;
- 6) озат технологиялар, "ноу-хау";
- 7) жобаны іске асырудан мультипликатордың тиімділігі;
- 8) сапаның халықаралық стандарттарына сәйкес өндірісті ұйымдастыру.

Бизнес-жоспардың көрнекі құралдары болуға міндетті (схемалар, сызбалар, нобайлар, жарнамалық проспектілер).

Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда министрлігі
Инвестиция комитеті Төрағасының
2003 жылғы 18 наурыздағы
N 18-п бұйрығымен бекітілген
3-қосымша

Ескерту: 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар комитеті Төрағасының 2006 жылғы 3 қарашадағы N 83-п бұйрығымен .

Тіркелген активтерге инвестициялар сомасы 60 мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын дайындау жөніндегі нұсқаулық 1. Инвестордың қысқа сипаттамасы

1. Заңды тұлғаның атауы .
2. Заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні .
3. Заңды тұлға басшысының аты-жөні.
4. Заңды мекен-жайы, телефоны, факсы, электрондық поштасы.

2. Жобаның қысқа сипаттамасы

5. Жобаның атауы.
6. Жобаның негізгі мақсаттары.
7. Жобаның тікелей қатысушылары.
8. Жобаны іске асыру орыны (облыс, аудан).
9. Қысқаша мазмұны:
 - 1) шығаруға ұсынылатын өнім;
 - 2) болжанатын жобаның сипаты: жаңадан құру, жаңғырту немесе қолданыстағы кәсіпорынды кеңейту.
10. Жобаны іске асыру құны, қаржыландыру көздері:
 - 1) меншік қаражаты;
 - 2) заемдық қаражаттар (кредиттер немесе шаруашылық субъектілердің қаражаттарын тарту) және/немесе грант.
11. Жобаны іске асыру мерзімі - инвестицияларды жүзеге асыру сәтінен бастап _ ай (жыл).

3. Техникалық бөлім

12. Жобаның технологиясын қысқаша сипаттау, жабдық сатып алу.
13. Технологиялық шешімді іріктеудің негіздемесі.
14. Жобаны іске асыру кестесі:

мың теңге

Жұмыстардың атауы	Күнтізбелік жыл				Күнтізбелік жыл				Жалпы
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	
1.									
2.									
3.									
ЖИЫНЫ:									